

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

Қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 92 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы <хаттаманың бекітілген күні> хаттамаға сәйкес _____ сатып алу туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) сомасына Жеткізушінің баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсетуге міндеттеме алады.

1.3. Жеткізуші Тапсырыс берушінің телефон арқылы берген және өтінім беру журналында тіркелген өтінімдеріне, Шартта көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаларға сәйкес Қызмет көрсетуге міндеттенеді.

Қызмет бағасы 1 текше метр үшін ҚҚС сомасын қосқанда (қоспағанда) _____ (сомасы жазумен) теңге __ тиын. Қызметтің жалпы көлемі – 360 текше метр.

1.4. Сатып алынатын қызметтің тізбесі мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1 және 2-қосымшаларда көзделген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын)

мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны, Жеткізуші бейрезидент болса, инвойсты) ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 15-бөлімінде не 11.1-тармағында көзделген хабарламада көрсетілген Жеткізушінің жеке сәйкестендіру кодына ай сайын Қызмет көрсету фактісі бойынша ақша аудару арқылы.

Төлем шоты (шот-фактура) (Жеткізуші бейрезидент болса, инвойс) көрсетілген қызмет актісіне (бұдан әрі – Акт) Тараптардың екеуі де қол қойғаннан кейін беріледі.

Қағаз тасымалдағыштағы төлем шоты (Жеткізуші бейрезидент болса, орыс немесе ағылшын тілдеріндегі инвойс) Тапсырыс берушіге Жеткізушінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған ілеспе хатпен бірге беріледі. Ілеспе хатта Жеткізуші Шарттың атауын, күнін және нөмірін көрсетуі тиіс.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының (бейрезиденттер үшін Жеткізуші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен

мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және Тапсырыс беруші оларды келесі 5 (бес) жұмыс күні (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып қабылдайды.

2.11. Тараптар қажеттілігіне қарай екі жақты тәртіппен Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған тиісті актіні жасай отырып, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексереді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке ақы төлеуге міндеттенеді;
- 4) Жеткізушінің Қызмет көрсету үшін тартқан қызметкерлеріне Тапсырыс берушінің Өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқама өткізуге;
- 5) Шарт талаптарына сәйкес Актіге қол қоюға;
- 6) Қызмет көрсету үшін автокөліктің қоқыс жинағыштарға еркін кіруін қамтамасыз етуге;
- 7) ТҚҚ жинау және жинақтау үшін қоқыс жинағыштарын (контейнерлерді) қажетті мөлшерде қамтамасыз етуге;
- 8) контейнерлер мен контейнер тұратын алаңдардың тиісті санитарлық-техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, ТҚҚ шығарғаннан кейін контейнер тұрған алаңдарды уақтылы дезинфекциялық өңдеуге және қоқыстарды алуға;
- 9) қоқыс жинағыштарға (контейнерлерге) тек қызметтік ғимараттардан шыққан тұрмыстық қалдықтарды, аула, тратуар және іргелес жатқан аумақтың сыпырындысын жинауға;
- 10) қоқыс жинағышқа Шарт бойынша шығарылмайтын, ғимарат пен қызмет жайларын ағымдағы және күрделі жөндеуден кейін қалған құрылыс қалдықтарының, топырақтың, металлоломның, габариттік емес қалдықтардың, қазандықтан шыққан қалдықтардың, қар мен мұз кесектерінің түсуіне, тұрмыстық сұйық қалдықтардың төгілуіне жол бермеуге;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде кіріспе нұсқама және жұмыс орындарында нұсқама жүргізуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;

- 2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, ішінара немесе толығымен ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;
- 5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеу салдарынан Шарт бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болған кезде) құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық көлемде Қызмет көрсетуге;
- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;
- 7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге (қажет болғанда);

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетелдік азаматтар мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25 (жиырма бес) жұмыс күні бұрын) мына хатты ұсынуға:

Қызмет көрсетуге тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрін және санын көрсете отырып, жабдықтар мен құралдарды кіргізу туралы (қажет болған жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын және Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей, оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын (компьютерлерді, тасымал компьютерлерді және басқаларын), тасымалды электронды ақпарат тасымалдауыштарын (флеш-дискілерді, CD, DVD-дискілерді, магнитті таспаларды, ZIP, қатқыл дискілерді және басқаларын), бейне-, кино-, фототүсіру функцияларынсыз және ашық операциялық жүйе мен функцияларсыз ұялы телефондарды (Wi-Fi, Wi-Lan, Bluetooth, IR және басқа сымсыз қолжетімділік модульдерін) алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, автокөлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

12) Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кірген кезде өзімен жеке басын куәландыратын құжатты алып жүруге және (кірген/шыққан кезде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге (уақытша рұқсатнама бойынша рұқсат берілген жағдайда, ғимаратқа кірген кезде оны өткізу бюросына көрсетуге);

13) бақылау-өткізу пунктінің (бұдан әрі – БӨП) көлік шлюзі арқылы өткізілетін көлік құралдарындағы тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, көлік құралдарының тіркеу құжаттарын, құндылықтарға ілеспе құжаттарды көрсетуге және келу мақсаты туралы хабарлауға;

14) тексеруді жүзеге асыратын жауапты тұлғаларға тұрмыстық қатты қалдықтары бар әкетілетін орындарға арналған материалдық рұқсатнамаларды көрсетуге;

15) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына (ғимаратынан) мына заттарды:

атыс қаруын, суық және өзге де қаруды, оқ-дәрілерді;

жеке қарап бақылау құралдарын, бейне -, кино- және фотоаппаратураларды, жазып алу құрылғыларын, есептеу техникасын, ақпаратты машиналық тасымалдағыштарды (флеш-карталар, USB – дискілер және басқалар), мобильді байланыс құралдарын, сондай-ақ олардың керек-жарақтарын, жеке электронды техниканы, адам ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуді қолдауға не ағза органдары мен жүйелерінің функциясын ауыстыру немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағандағы радиотехникалық және басқа аппаратураларды;

деректерді беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және басқалары) шығу мүмкіндігі бар техникалық құрылғыларды, оның ішінде сымсыз құрылғыларды;

уландырғыш заттар мен күшті әсер ететін улы заттарды;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттарды;

радиоактивті заттарды;

психотроптық заттарды, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды, жарылғыш және тез тұтанатын заттарды;

алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын, тез тұтанатын сұйықтықтарды (өндірістік мақсаттарда қажеттілерді қоспағанда) көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алып шығуға), сондай-ақ пайдалануға тыйым салу туралы режимдік талаптарды сақтауға;

16) Қызмет көрсеткен кезде Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларының, тұтынушылардың электр құрылғыларын техникалық пайдалану ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

17) Қызмет көрсетуді бастағанға дейін Қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөнінде кіріспе нұсқамадан және жұмыс орындарында нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

18) Қызмет көрсетуді бастағанға дейін Қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлердің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқамадан өтуін қамтамасыз етуге;

19) Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

20) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс беруші белгілеген режимдік талаптарды орындауға;

21) Қызмет көрсетуді бастағанға дейін Жеткізуші, бірлесіп орындаушы қызметкерлерінің Қызмет көрсету кезінде алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюларын қамтамасыз етуге;

22) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлауға, Шарт талаптарына сәйкес шығынды толық көлемде өтеуге және шарттың талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызмет үшін ақы алуға құқылы.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі Шарттың 1.3-тармағына сәйкес берілген Тапсырыс берушінің өтінімдеріне сәйкес 2026 жыл бойы.

4.2. Қызметтер көрсету орны: A01T7M2, Алматы қ., Райымбек даңғылы, № 511 үй.

4.3. Жеткізуші Шарттың 1.3-тармағына сәйкес тіркелген өтінімді алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс

күні ішінде Қызмет көрсетеді

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Актіге қол қою әр күнтізбелік айдың қорытындысы бойынша жүргізіледі. Акт Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

- 1) Шарттың 4.3.-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 2) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 3) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартылған жағдайда Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды Жеткізушінің өтеуін талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін ақы төленуге тиіс сомадан 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Тапсырыс беруші Шарттың 3.3-тармағының 22) тармақшасында көрсетілген жазбаша хабарламаны алған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 15%

(он бес пайызы) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлейді.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) мұндай жария ету заңнамада ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария етілмейтінін мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Осыдан кейін Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелердің сомасын қайтарады, Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қисынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз) мөлшерде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін енгізеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

- 1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушының) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген

жәрдем көрсеткен;

4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;

6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап, бірақ 2026 жылғы 1 қаңтардан кейін күшіне енеді және Тараптар ол бойынша міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт заңды күші бірдей төрт данада: екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде жасалды.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы >
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК >
<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс берушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.П. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок услуг < наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее – Услуги) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство оказать Услуги в срок и на условиях, предусмотренных Договором и Технической спецификацией.

